«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев

10 тамыз - Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай ескерткіші жанындағы іс-шара (гүл шоқтарын қою рәсімі)

«Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында Абай Құнанбайұлының 180 жыл толуына орай «Абай мұрасы – жас ұрпаққа өнеге» атты әдеби шараның

СЦЕНАРИЙІ

Өтетін орны: Абай ат. МДК алаңы, кіре беріс

Аппаратура құрылған. Абайдың өлеңдері, әндері мен қара сөздерінен дайындалған плэйлист жүріп тұрады.

Жетігеншілер ансамблнің өнерпаздары жайғасқан

Жүргізуші: Қайырлы күн, қадірлі көрермен!

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.
Ол бірақ қайтіп келіп ойнап – күлмес.
Мені мен, менікінің айырылғанын,
"Өлді" деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы.

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған – дегендей бүгінгі шарамыз **«Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында** артында өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы ақын атамыз – Абай Құнанбайұлына арналады.

1. **Досанқызы Назым: «Әсемпаз болма әрнеге»**
2. **Өнер Бердібай "Қалың елім, Қазағым, қайран жұртым**

Жүргізуші: Абай – ақын ғана емес, ұлттың рухани көсемі. Ол – халқымыздың айнасы, ұлы ұстазы. Оның шығармалары ғасырлар өтсе де өз құндылығын жойған емес.

Гүл шоқтарын қою рәсімі

Гүл шоқтарын Ақтау қаласының әкімдігі, Посольства консулдары және Ақтау қаласының ардагерлерлері және 3502 әскери бөлімшесінің 20 адам баяу әнмен ескерткіштің алдына гүл шоқтарын қояды.

Жүргізуші: Ендеше Абай атамыздың өлеңдерін назарларыңызға ұсынамыз.

3. **Орын Нұрасыл «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» Мамасы:87754823540 Маржан**
4. **Избасканова Гүлжайна "Заман ақыр жастары"**
5. **Сагиндик Асел "Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?"**
6. **Асгатов Бекарыс "Күз"**
7. **Нұржанқызы Дильназ " Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін"**
8. **Есенқұл Жанерке «Өлсе өлер, табиғат адам өлмес»**
9. **Асгатова Амина "Есінде барма даа күнің"**
10. **Қаламбаева Айдарлы "Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен"**
11. **Айару "Ғылып таппай мақтанба**
12. **Ермек Айғаным "Құлақтан кіріп, бойды алар**
13. **Көпекова Динара "Өлең сөздің патшасы"**

Жүргізуші: Кешегі ауыр да күңгірт заманда жалын боп жанып өткен Абайдың осы мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайды. Абай туған елін қаншама сүйсе, елі үшін күңіреніп, тебіренсе бүгінгі ұрпақ оны сонша құрметпен сүйіп отыр. Абайдың көзі тірісінде жетпеген арманына біздің заманымызда жетіп отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақ көзі ашық, ғылымға, білімге, өнерге құмар. Абай атамыздың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиетін көкіректе нық сақтайық.

Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің ұйымдастыруымен Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «**Абай мұрасы – жас ұрпаққа өнеге**» атты әдеби шарамыздың бүгінгі саны аяқталды. Құрметті қала тұрғындары және қонақтар сіздерді Ақбота саябағында күтеміз.Сіздерге арналған мерекелік шарамызды ұсынамыз.